

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы

Басқармасының шешімімен

мақұлданған

(2018 ж. "25" қазан № 121 отырыс хаттамасы)

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша "Халық-Life" еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы

Директорлар кеңесінің шешімімен

бекітілген

(2018 ж. "01" қарашадағы № 65 отырыс хаттамасы)

Баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру ЕРЕЖЕЛЕРІ («Life-Рост» сақтандыру бағдарламасы)

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	4
1 тарау. Қолдану мақсаты мен саласы	Ошибка! Закладка не определена.
2 тарау. Терминдер мен қысқартулар	Ошибка! Закладка не определена.
2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	6
3 тарау. Осы Ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері.....	6
3-бөлім. Баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру.....	7
4 тарау. Сақтандыру жағдайы.....	7
5 тарау. Сақтандыру шартының мәні.....	7
6 тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	7
7 тарау. Медициналық тексеру	8
8 тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру	8
9 тарау. Сақтанушыны ауыстыру	8
10 тарау. Сақтандырылушыны ауыстыру.....	9
11 тарау. Пайда алушы	9
12 тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	9
13 тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі	11
14 тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны.....	11
15 тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	11
16 тарау. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі.....	11
17 тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алу.....	12
18 тарау. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру.....	12
19 тарау. Сатып алу сомасы	13
20 тарау. Қарыз алу құқығы	13
21 тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері	14
22 тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жасау талаптары мен тәртібі.....	15
23 тарау. Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін төлеуден босату негіздемелері.....	16
24 тарау. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі	17
4-бөлім. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру...	18
25 тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері.....	18
26 тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	18
27 тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері.....	18
28 тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасаудың ерекшеліктері.....	19

29 тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, тоқтату талаптары және қолданысын қалпына келтіру.....	19
30 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері.....	20
31 тарау. Сақтандыру оқиғасы басталғанда Сақтанушының (Пайда алушының) іс-әрекеттері және тараптардың өзара қатынастарына қатысты өзге де ережелер	20
5-бөлім. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру	21
32 тарау. Сақтандырылушыға жазатайым оқиғадан мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері.....	21
33 тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	21
34 тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері.....	22
35 тарау. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау ерекшеліктері.....	23
36 тарау. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары.....	24
37 тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кезде тараптардың өзара қатынастарына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер	24
38 тарау. Зейнеткерлік жасының басталуы және Сақтандырылушының мүгедектіктен оңалуы. 25	
6-бөлім. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру.....	26
39 тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері.....	26
40 тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі	26
41 тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері.....	26
42 тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасаудың ерекшеліктері.....	27
43 тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары.....	28
44 тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері.....	28
45 тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кезде тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер	29
7-бөлім. Қорытынды ережелер	30
46 тарау. Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі	30
47 тарау. Қосымша талаптар	30

1-бөлім. Жалпы ережелер

1 -тарау. Қолдану мақсаты мен саласы

1. Осы "Life-Post" Баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру ережелеріне сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен сақтандыру шарттары бойынша мерзімді аннуитеттік сақтандыру талаптарымен (бракосочетания баланы оқыту/ кәмелетке толған/ неке қию), сондай-ақ жазатайым оқиғадан ерікті сақтандыруға қатысты талаптарымен баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру шартын жасайды (бұдан әрі – сақтандыру шарты).

2. Осы Сақтандыру ережелерінің көшірмесі Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушыға беріледі, Сақтандыру ережелері Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

1. Осы Сақтандыру ережелерін іске асыру мақсатында осы Сақтандыру ережесінде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) **сатып алу сомасы** – Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушы төленуі тиісті ақша сомасы;

2) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға;

3) **сақтандыру жылдары** – Сақтандырушы Сақтандыру полисіне қол қойған күннен басталатын (Полиске қол қойылған күн) күнтізбелік жылдар (он екі айлық кезең);

4) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін жеке тұлға (18 жастан жас емес);

5) **жалған мәліметтер** – сақтандыру шартын жасаған күні шындыққа (сақтандыру нысаны туралы шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған сақтандыру нысаны туралы мәліметтер, олар сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының орын алуы ықтималдығына және ықтимал шығындар мөлшеріне әсер етуі мүмкін, осыған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

б) **жазатайым оқиға** – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылушының ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);

7) **жаңартылған полис** – Сақтандырушы Сақтанушыға алдында берілген полис орнына сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;

8) **сақтандыру нысаны** – Сақтандырылушының өмірім мен денсаулығына байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды;

9) **кейінге қалдыру кезеңі** – Сақтандыру полисінде көрсетілген күннен бастап ұзақтығы күнтізбелік 30 күн болатын кезең (бұдан әрі – Полис), ол басталғанға дейін Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті;

10) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;

11) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (Пайда алушыға) пайдасына сақтандыру төлемін төлейтін «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

12) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

13) **сақтандыру жағдайы** – оның орын алуына байланысты сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыру қарастырылатын оқиға;

14) **сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары)** – Сақтандырушы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шартында мерзімді сақтандыру жарналары түрінде сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу көзделуі мүмкін;

15) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

16) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру сомасының шегінде Сақтандырушының Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы;

17) **дене жарақаты** – Сақтандырылушының ағзасына сыртқы механикалық, термикалық, электр немесе химиялық әсердің салдарынан туындайтын ұлпалардың, органдардың немесе тұтастай ағзаның зақымдалуы.

18) **кәсіби түрде спортпен шұғылдану** – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;

19) **спорттық жарыстар** – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара.

20) **кәмелет жасына толмаған баланың заңды өкілдері** – ата-анасы (біреуі), асырап алушылар, қамқоршы немесе қорғаншы, асырап алған ата-анасы (біреуі), патронатты тәрбиелеуші және олардың орнын басатын басқа да Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамқорлықты, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын тұлғалар;

21) осы Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырылушының қауіпті (төтенше) әрекеттері деп мыналар түсініледі:

- гидроциклдерде жарысу, жүру, ұшу. Гидроцикл (су мотоциклі) - стационарлық іштен жану қозғалтқышы бар, су беті бойынша глиссирлеу жолымен қозғалуға арналған жүрдек дербес су көлігі (жүзу құралы);

- тауға шығумен байланысты туризм (альпинизм);

- парашютпен секіру;

- «серіппеленген ағашаяқтарда» - джамперде жүгіру және секіру;

- вейкбордта, маунтинбордингте (скейтбординг түрлері, тақтайдың дөңгелектері үлкейген, табиғи ландшафт бойынша сырғанауға болады) жүру, сырғанау;

- арнайы костюм-матадан жасалған қанатпен ұшу (Вингсьютинг);

- слалом, жарыс, желкенді тақтада сырғанау;

- арнайы велосипедтерде трюктерді немесе кроссты орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));

- аквалангпен суға бату;

- дельтаплан, мотодельтапланда және олардың түрлерінде ұшу;

- биіктіктен мөлдір шарда (зорбе) түсу;

- сүйрегіш ауа жылан (кайт) ұстап тұратын және басқаратын тартқыш күштің әсерінен су беті бойынша қозғалу;

- жүзуші құралдардың көмегінсіз өзен каньондарын еңсеру;

- шағын бір орындық кемеде жүзу (каяк);

- ұзын тақтайда асфальтталған жердің үстімен түсу (скейтке қарағанда жылдам және тегіс сырғанау үшін);

- таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);

- параплан, мотопараплан және олардың түрлерінде ұшу;

- Pogo stickте («шегіртке») секіру, пого-стик сондай-ақ серіппеден, тұтқадан, педальден және негізгі платформадан тұратын секіруге арналған құрылғы ретінде де белгілі;

- үрлемелі қайықта табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтумен тау өзендері бойлап жүзу;

- жоғары объектілерден арнайы сақтандыру арқанымен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, «тарзанка»);

- сақтандырусыз биік ғимараттардың қол жеткізу қиын және қауіпті шатырларға және шпильдерге шығу;
- серфингке арналған тақтайларды, немесе қысқа ескекәяқтарды және арнайы қолғаптарды қолдану арқылы толқында сырғанау;
- адамның стандартты емес снарядтармен күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автомобильді көтеру (күштік экстрим);
- табиғи немесе жасанды рельеф бойынша өрмелеу (Құзға өрмелеп шығу);
- скейтбордта трюктерді орындау (роликті тақтай);
- сноубордтың арнайы снарядында, арнайы шаңғымен қар басқан баурайлардан және таудан сырғанап түсу;
- ұсталатын қайттың көмегімен шаңғыда, сноубордпен немесе конькимен қар жамылғысында немесе мұзда сырғанау;
- сноубордта құммен жүру. Көбінесе құмды карьерлерде немесе шөлді бархандарда іске асырылады;
- үңгірден өтуге байланысты туризм (Спелеология);
- мотоциклді трюк көрсетіп жүргізу;
- велосипедте, мотоциклде немесе жүк машинасында кедергілерден өтуге байланысты спорттық іс-шараларға қатысу (Триал);
- арнайы снарядта асфальтталған беткейлерден түсу (фриборде);
- роликті конькиде трюктерді орындап сырғанау (Роллерблейдинг);
- Арнайы дайындалмаған трассалардан тыс табиғи шатқалдар мен таулардан түсу, сырғанау (Фрирайд: тау шаңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
- күрес – онда екі қатысушы айқаста кімнің жеңімпаз екенін анықтау мақсатында бір-бірімен күш сынасатын, тек физикалық күшті ғана пайдаланатын немесе әртүрлі спорттық құралдарды және/немесе қолға ұстайтын суық қаруды қолдана отырып орындайтын спорттық жарыс түрі;
- аңға шығу,
- атпен шабу және кез келген жануарды пайдаланып шабу,
- әуе шарында, аэростатта, планерде және олардың басқа түрлерінде ұшу;
- все виды авто-, мото- және әуе- спорттың барлық түрлері;
- кез келген спорттық жарыстарға қатысу;
- сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің және спорт жаттығуларының барлық түрлері.

3. Қысқартулар:

- 1) Полис – сақтандыру полисі/сақтандыру шарты;
- 2) Сақтандыру ережесі – "Life-Рост" Баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру ережесі;
- 3) Компания – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 4) ЖО – жазатайым оқиға.

2-бөлім. Сақтандыру шартының ерекшеліктері

3-тарау. Осы Ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартының ерекшеліктері

4. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптар енгізілуі мүмкін. Бұл ретте бұл талаптар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын болады.

5. Сақтандыру шартының жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптары келесі жағдайларды қамтиды:

- 1) жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайынан сақтандыру;
- 2) сақтандыру жарналарын төлеуден босатып, Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектігін белгілеуге әкеп соқтырған, осы Сақтандыру ережесінің 5-бөлімінде көрсетілген жазатайым оқиғадан сақтандыру (бұдан әрі – Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру);

3) Сақтандырылушының осы Сақтандыру ережесінің 6-бөлімінде көрсетілген жазатайым оқиғадан дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру.

6. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру, Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру, Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру жағдайларының барлығын бірге және әрқайсысын жеке-жеке таңдауы мүмкін.

7. Осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде баяндалған ережелер баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыруға қатысты қолданылады.

8. 4-бөлімде баяндалған талаптар Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қолданылады.

9. 5-бөлімде көрсетілген талаптар Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қолданылады.

10. Осы Сақтандыру ережесінің 6-бөлімінде көрсетілген талаптар Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қолданылады.

11. Осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде аталған ережелер 4, 5 және 6 бөлімдердің ережелеріне қолданылады, егер соңғысымен өзгеше көзделген болмаса.

3-бөлім. Баланың пайдасына өмірді аралас сақтандыру

4-тарау. Сақтандыру жағдайы

12. Сақтандырылушының Сақтандыру шартымен белгіленген мерзімге дейін (сақтандыру мерзімі) өмір сүруі, немесе сақтандыру шартының (сақтандыру қорғанысы) қолданысы кезеңінде кез келген себеп бойынша (ауру, ЖО) орын алған Сақтандырылушының өлімі сақтандыру жағдайы болып табылады.

5-тарау. Сақтандыру шартының мәні

13. Сақтанушы сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) сақтандыру шартында көзделген көлемде, тәртіп пен мерзімде төлеуге міндетті.

14. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру шартында көзделген көлемде, тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

15. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандыру ережесіне бірігуі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Сақтандыру шартын жасау Полисті берумен расталады. Бұл ретте, берілетін Полиске Сақтандыру ережесінің көшірмесі қоса беріледі. Бұл құжаттар (Полис және Сақтандыру ережесінің көшірмесі) бірге сақтандыру шарты болып табылады.

16. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандырушы бекіткен үлгі бойынша сақтандыруға өтінішті Сақтандырушыға тапсыруға тиіс.

17. Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыруға өтінішінде (немесе сақтандыру шартымен байланысты өзге құжатта) сақтандыру оқиғасының басталу ықтималдығына елеулі мәні бар оған белгілі мәліметтерді көрсетуге міндетті, егер бұл жағдайлар Сақтандырушыға белгілі емес немесе белгілі болмауы тиіс болса.

18. Қалай болғанда да, сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталуына және осы Сақтандыру ережесінде аталып өткен, сақтандыруға өтініште немесе сақтандыру шартымен байланысты өзге құжатта немесе Сақтанушыға жолданған Сақтандырушының жазбаша сұратуларында көрсетілген ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болған мәліметтер елеулі деп танылады.

19. Егер сақтандыру шарты жасалып болған соң Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 19-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергендігі анықталса, Сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға келтірілген шығыстарды шегеріп, сақтандыру сыйлықақысын немесе шарттың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру жарналарын қайтарады, сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда – төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

20. 1) Андеррайтер тәуекелді жеке бағалаған кезде қабылдаған тұлғаларды қоспағанда, мүгедектер;

2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар;

3) қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде жасаған қылмысы үшін жазасын өтеп жатқан тұлғалар;

4) Компанияның андеррайтері қабылдамаған тұлғалар сақтандыруға қабылданбайды.

21. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін, сақтандыруға өтініш, Сақтандыру ережесімен қоса тіркелген Полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

7-тарау. Медициналық тексеру

22. Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандырушы сақтандырылған тұлғаға (Сақтандырылушы) оның денсаулығы шынайы жағдайын бағалау үшін Сақтандырушының осындай тексеруге арналған медициналық мекемесінде медициналық тексеруді тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) медициналық тексеруді өтуден бас тартқан жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

23. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген (Сақтанушының) немесе сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушы) есебінен жүргізіледі. Сақтандыру шарты медициналық тексеруден кейін жасалған жағдайда, Сақтандырушы медициналық тексеруге байланысты шығыстарды медициналық тексеру үшін жұмсалған төлемдерді растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде өтейді.

24. Егер медициналық тексеру Сақтандырушының осындай тексеруге белгіленген медициналық мекемесінен өзге медициналық мекемеде өткізілген болса, онда медициналық тексеру шығындары Сақтандырушының осындай тексеру үшін белгілеген тәрізді медициналық мекемесіндегі медициналық тексеру құнының шектерінде ғана өтеледі.

25. Егер сақтандыру шарты жасалмаса немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде алғашқы сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толығымен төленбеген болса, онда Сақтандырушы медициналық тексеру шығындарын өтемейді.

8-тарау. Үшінші тұлғаны сақтандыру

26. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмайтын болса, Сақтанушы Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

27. Егер жасы он төртке толмаған (сақтандыру шарты жасалған күнге) кәмелет жасқа жетпеген Сақтандырылушының заңды өкілі Сақтанушы болатын болса, осы Тараудың 27-тармағының талаптары қолданылмайды.

9-тарау. Сақтанушыны ауыстыру

28. Сақтанушы Сақтандырылушының және Сақтандырушының келісімімен сақтандыру шартында айқындалған барлық құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруге құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді беру үшін Сақтанушының, Сақтандырылушының және Сақтанушының құқықтық мирасқорының (сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қолдары қойылған Сақтанушыны ауыстыруға өтінішті Сақтандырушыға беру қажет. Сақтанушының өзгеруі осы Сақтандыру ережесінің талаптарына

сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

29. Сақтандырылған болып табылмайтын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында айқындалатын құқықтар мен міндеттер, оның келісімімен, Сақтандырылушыға өтеді. Сақтандырылушы сақтандыру шарты бойынша міндеттерін орындай алмаған кезде, оның құқықтары мен міндеттері заңнама актілеріне сәйкес оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын тұлғаларға (заңды өкілдер) өтеді.

30. Сақтандырылушы немесе заң актілеріне сәйкес, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді (заңды өкілдер) жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тарқан жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға алдын ала жазбаша хабарламада көрсеткен тұлға, ал мұндай хабарлама болмаған кезде – Сақтанушының мұрагерлері сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтық мирасқоры болып табылады.

10-тарау. Сақтандырылушыны ауыстыру

31. Осы Сақтандыру ережесінің талаптары бойынша Сақтандырылушыны ауыстыруға жол берілмейді. Бұл шарт Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылған болып табылса да, Сақтандырушының Сақтандырылушыны ауыстырудан бас тартуы болып табылады.

11-тарау. Пайда алушы

32. Пайда алушыны (немесе сақтандыру сомасындағы үлесі көрсетілген бірнеше Пайда алушыларды) Сақтанушы Сақтандырылушының келісімімен, сақтандыруға өтініште көрсетеді, егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса.

33. Пайда алушы осы тараудың 35-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылушының баласы, немересі (немересі), аға-інісі (апа-сіндісі) немесе Сақтандырылушының (сақтанушының) қамқорлығындағы Полиске қол қойылған күні 16 (Он алты) жасқа толмаған бала болып табылады.

34. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырылған адам сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүрген жағдайда, Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.

35. Сақтанушы сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушыны ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру осы Сақтандыру ережесінің талаптарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап жарамды болады.

36. Сақтанушымен жасасқан келісімнен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттемелерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты қоюына байланысты Пайда алушы басқа тұлғамен алмастырыла алмайды.

37. Сақтандырылушы емес Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе Пайда алушы өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болса – заңнамада белгіленген Сақтанушының мұрагерлеріне тәртіпте өтетін болады.

38. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады (осы Тараудың 38-тармағы).

12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

39. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;

3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;

4) сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

5) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда оның телнұсқасын алуға, бұл ретте сақтандыру полисінің телнұсқасының нөмірі жоғалған сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы керек.

40. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

2) сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей хабарлауға. Егер Сақтанушының (Пайда алушы) жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде орынды себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алуы туралы хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және егер бар болса, оларды растайтын құжаттарды беруге міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру жағдайы туралы хабарламағаны немесе уақтылы хабарламауы Сақтанушының ырқына келмейтін себептер бойынша болса және осы деректі растайтын тиісті құжаттар берілген болса, онда бұл жағдайда хабарламау немесе уақтылы хабарламау Сақтандырушының сақтандыру төлемді жүзеге асыруынан бас тарту үшін негіздеме бола алмайды.

Сақтанушының ырқынан тыс жағдаяттар, атап айтсақ: тежеусіз күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ мұнымен шектелмейтін: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б. хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі болып табылады;

4) егер Сақтанушы Сақтандырылушы болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге;

5) осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

41. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтандыру ережесінде көзделген талаптар бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының басталу жағдаяттары мен себептерін тексеруге;

4) кез келген уақытта Сақтандырылушының денсаулығының жағдайы туралы анықтаманы және органның қайта куәландыру нәтижелері туралы талап етуге;

5) жылына бір реттен жиі емес Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, көлік шығыстарын қоспағанда) Сақтандырылушыға Сақтандырушы тағайындаған дәрігердің қосымша медициналық тексеруін жүргізуге, оның ішінде мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін;

6) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізсіз қорытындыларына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Сақтандырылушының мүгедектігі туралы құжаттарды заңсыз беруіне шағым жасауға;

42. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде және шарттарда жасауға;

2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және оның талап етуі бойынша Сақтандыру ережелерінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

4) сақтандыру жағдайының басталуы туралы жазбаша хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге және олардың тізбесін және қабылдау күнін көрсете отырып құжаттарды қабылдау туралы анықтаманы Сақтанушыға беруге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетпейтін құжаттар туралы оларды хабарлауға;

6) Полистің түпнұсқасы жоғалған кезде, Сақтанушы осы Сақтандыру шартының 47-тараудың 208-тармағында көрсетілген талаптарды орындаса, Сақтанушының талабы бойынша оған Полистің телнұсқасын беруге.

43. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнама актілерінде Сақтандырушының басқа міндеттері көзделуі мүмкін.

13-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі

44. Сақтандыру шарты Полисте айқындалған, қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, бірақ сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын толық көлемде төлегеннен бұрын емес.

45. Сақтандыру қорғауы (сақтандыру оқиғасы басталғанда Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі) сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап қолданыла бастайды, егер осы уақытқа орай бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толығымен төленген болса, және Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын уақтылы және толық көлемде төлеген болса, Полисте көрсетілген мерзім аяқталғанда тоқтайды.

46. Егер Полиске қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленбеген болса немесе толық төленбесе, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және шарт күшіне енген болып саналады. Сақтандырушы осы себепке байланысты сақтандыру шартын жасаудан бас тартқан жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және толық төленбеген бірінші сақтандыру сомасын (немесе сақтандыру сыйлықақысын) Сақтанушыға Сақтанушы берген көлемде қайтаруға міндетті, егер ондай төлем жасалған болса.

47. Сақтандыру қорғауы Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен бірге одан тыс жерлерде де қолданылады.

48. Сақтандыру шарты үш жылдан кем мерзімге жасалмайды.

14-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу орны

49. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен бірге одан тыс жерлерде де қолданылады. Қолданылу орны Полисте көрсетіледі.

15-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

50. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартымен белгіленеді және Полисте көрсетіледі.

16-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мөлшері, тәртібі және мерзімі

51. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын бір жолғы немесе бөліп, кезеңдік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлық) жарналар түрінде Полисте көрсетілген мөлшерде өтейді.

52. Сақтандыру жарналарын төлеу кезеңділігі Полисте көрсетіледі. Көрсетілген кезеңдерді есептеу (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық немесе айлық) Полиске қол қойылған күннен басталады.

53. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) Сақтандырушының Полисте көрсетілген банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлем түрінде жасалуы мүмкін.

54. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасын сақтандыру шартымен белгіленген тиісті мерзім басталғанға дейін төлеуге міндетті. Сақтанушы Полисте көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда, оның мерзімі кешіктірілген болып саналады.

55. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) уақтылы төлемеген кезде Сақтандырушы Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төлем мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде төленбеген сомадан тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

17-тарау. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алу

56. Полисте көзделген мерзімде сақтандыру жарнасын (біріншісін санамағанда) алмаған Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабардар етуге тиіс.

57. Хабарламада келесі мәліметтер болуы керек:

1) сақтандыру жарнасының төленуі тиіс болған мерзім (сақтандыру жарнасын төлеуді ұзарту мерзімі);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеуді мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері;

3) сақтандыру сыйлықақысын кейінге қалдыру кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда Сақтандырушының Сақтандыру шартының қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы.

58. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлама Сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

59. Сақтандыру жарнасын төлеуді ұзарту мерзімі ішінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу бойынша міндеттемелерді көтереді, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру төлемінің көлемінен Сақтанушының берешек сомасын ұстап қалуға құқылы (мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасының сомасын және сақтандыру жағдайы басталған күнге дейін есептелетін, сақтандыру жарнасын кешіктірігені үшін өсімпұл сомасын).

60. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (біріншісін санамағанда) сақтандыру жарнасы кешіктірілген деп танылған күннен бастап сақтандыру жарнасын кейінге қалдыру кезеңі ішінде төлемеген жағдайда, сақтандыру шарты:

1) сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру кезеңі аяқталатын күні Сақтанушының кез-келген қарызы шегерілгеннен кейін сатып алу сомасы 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болса, мерзімінен бұрын тоқтатылады немесе тоқтатыла тұрады;

2) сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру кезеңі аяқталатын күні сатып алу сомасы Сақтанушының кез-келген қарызы шегерілгеннен кейін 45 000 (қырық бес мың) теңгеден артық болса, азайған сақтандыру сомасымен автоматты түрде қолданыла береді.

61. Осы Тараудың 61-тармақ 2) тармақшасында көзделген жағдайларда Сақтанушы келесі сақтандыру жарналарын төлеу бойынша міндеттемелерден босатылады.

62. Азайтылған сақтандыру сомасының көлемі, әрбір сақтандыру жылының аяқталатын күніне орай полисте көрсетіледі, тек аталған күндері барлық сақтандыру жарналары толық төленген болуы керек.

63. Осы Тараудың 61-тармағы 2) тармақшасының талаптары бойынша соңғы сақтандыру жарнасын төлеу күніне азайтылған сақтандыру сомасының мөлшері, нақты төленген мерзімді сақтандыру жарналарын ескере отырып, соңғы сақтандыру жарнасы төленген сақтандыру жылының соңында көрсетілген азайтылған сақтандыру сомасының мөлшерін негізге ала отырып есептелетін болады.

18-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

64. Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатыла тұрса немесе мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру шартын қалпына келтіруге өтінішті алған кезде және Сақтанушы оны төлеген жағдайда, түпнұсқалық полистің талаптары бойынша сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге міндетті:

1) мерзімі өткен сақтандыру жарналарын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарналарын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімақыны төлеген кезде қалпына келтірілуі мүмкін.

65. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған немесе сақтандыру шартының тараптары өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұрған күннен бастап бір жыл ішінде сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы.

66. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру кезінде Сақтандырылушының денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы. Медициналық сараптаманы жүргізу Сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

67. Сақтандырылушының денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшерін қайта есептеуді жүргізуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын жаңа талаптарда қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда сақтандыру шарты қалпына келтірілуге жатпайды.

68. Егер сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылса және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

19-тарау. Сатып алу сомасы

69. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушы Сақтандырушыдан сатып алу сомасын алуға құқылы.

70. Сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру жылдарының санына байланысты және әрбір сақтандыру жылы аяқталатын күнгі жағдайы бойынша Полисте көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылы аяқталған күні сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.

71. Сатып алу сомасы, сатып алу сомасын төлеуге өтініш, сақтандырудың соңғы екі жылы үшін сақтандыру жарналарының төленгенін растайтын Полис және құжаттар Сақтандырушыға берілген күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төленуі тиіс.

72. Жылдық сақтандыру жарнасын жарты жылдық, тоқсандық немесе айлық негізде бөліп-бөліп төлеу кезінде Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеу кезінде одан Сақтанушының қарыз шарты бойынша берешегі (бар болса, сондай-ақ сатып алу сомасын төлеу күніне пайда болған Сақтанушының кез келген басқа да берешегі) мөлшерінде ақша сомасын ұстап қалуға құқылы.

73. Сатып алу сомасына салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте жүргізіледі.

20-тарау. Қарыз алу құқығы

74. Сақтанушының сақтандыру шарты қолданысының үшінші жылынан бастап кез келген уақытта, Сақтандырушы тиісті қаржы жылына белгілеген қарыздың ең жоғары рұқсат етілген сомасынан аспайтын мөлшерде, сатып алу сомасы шегінде қарыз алуға құқығы бар. Қарызды алу талаптары мен тәртібі Қарыз шартымен айқандалады.

75. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы Заем шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген талаптарға сай жасалады. Жинақтап сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы сақтанушының алған заемының қайтарылуын қамтамасыз етеді және заем сомасы мен заем берілген бір жылдық мерзімге есептелетін сыйлықақыны жабады. Заем беру мерзімі жинақтап сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен аспауы тиіс, заем шарты жасалатын кезде сақтандыру шартының іс жүзінде қолданылған мерзімі шегеріледі.

76. Заем беру кез-келген мақсатта жүзеге асырылады, оның ішінде жинақтап сақтандыру шарты бойынша берешек сомасы ескеріліп анықталатын, жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарналары бойынша берешекті төлеу үшін.

77. Егер Сақтанушы заем сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны заем шартының әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, жинақтап

сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы заем шарты бойынша Сақтанушының қарызы болып табылатын сомаға кемітіледі. Жинақтап сақтандыру шартының қолданылатын әрбір кезекті жыл үшін сақтандыру сомасының көлемі және сатып алу сомасының көлемі сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру жарнасын өтеген күні кемітілген сатып алу сомасының негізінде анықталады.

78. Егер заем шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасының көлеміне жететін болса, сатып алу сомасының көлемі мен жинақтап сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының көлемі нөлге тең деп саналады. Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны жинақтап сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы мен сақтандыру сомасының азаю күнінен күнтізбелік отыз күн бұрын хабардар етеді.

79. Заем шарты бойынша жалпы берешек, Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда - сатып алу сомасын төлеу кезінде Сақтандырушы төлеуге жататын ақша сомасынан, сақтандыру жағдайы басталған жағдайда - сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде ұстап қалуға жатады, егер сол уақытта Қарыз алушы аталған берешекті өтемеген жағдайда. Көрсетілген берешек Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Компания Пайда алушыға (Сақтанушыға) төлеуі тиіс сомадан өтеледі.

21-тарау. Сақтандыру төлемінің мөлшері

80. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы төлеуге міндетті болған сақтандыру төлемінің мөлшері, қалай болғанда да Полисте көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшерінен асуы мүмкін емес.

81. Сақтандыру төлемінің мөлшері қайтыс болған күнгі сатып алу сомасына тең, егер өлім төмендегілердің салдарынан сақтандыру қорғауының қолданысы кезеңінде тікелей немесе жанама орын алған болса:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;
- 2) әскери әрекеттері, Сақтандырылушының әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) азаматтық соғыстар, алуан түрлі халық толқулары, жаппай тәртіп бұзушылықтар немесе ереуілдер;
- 4) қажетті қорғаныс пен асқан қажеттілік жағдайында жасаған әрекеттерді санамағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру оқиғасының басталуына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал еткен қасақана әрекеттеріне;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының белгіленген заңнама актілерімен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
- 6) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуына байланысты;
- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан немесе онымен себептік-салдарлық байланыста болған Сақтандырылушының есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;
- 8) алкогольизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;
- 9) Сақтандырылушының осы Сақтандыру ережесінде көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 10) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыруға арналған өтініште көрсетілмеген болса, спорттық жарыстар мен жаттығуларды қоса алғанда, кәсіби спорт түрімен айналысуы, сондай-ақ келесі спорт түрлері: сноуборд, шаңғы спорты, күрестің барплық түрлері.

82. Сақтандыру шартының үздіксіз қолданылған алғашқы екі жыл ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері, өлім сақтандыру оқиғасы орын алған күніндегі сатып алу сомасына тең, егер сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың салдарынан тікелей немесе жанама түрінде орын алған болса:

- 1) Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі немесе өлтіруге талпынуы;
- 2) АИВ-инфекциясымен ауруы, егер Сақтандыру шартымен өзгеше көзделген болмаса;
- 3) егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қатерлі ісіктің туындауына байланысты аурулар.

83. Осы Тараудың 82 және 83 тармақтарында аталған мән-жағдайлардың туындауына байланысты емес сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.

84. Сақтандырылушы Сақтандыру шартында белгіленген белгілі мерзімге дейін (сақтандыру мерзімі) өмір сүрген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең.

85. Белгілі бір мерзімге дейін өмір сүрген жағдайда төленетін сақтандыру төлемі, баланы оқытуға сақтандыру талаптарын қоспағанда, Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Баланы оқытуға арналған сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру төлемі, Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алған кезде сақтандыру мерзімі өткеннен кейін қатарынан төрт жыл ішінде аннуитеттік төлемдері арқылы төрт тең бөліктермен жүзеге асырылады. Төлемдер сақтандыру мерзімі өткен күннен бастап алғашқы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, жыл сайын жүзеге асырылады.

86. Сақтанушы немесе Пайда алушы Сақтанушының келісімімен, осы Тараудың 86-тармақ 2-бөлігінде көзделген сақтандыру төлемінің қандай да бір бөлігін мерзімінен бұрын (бірақ сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін емес) алуға құқылы. Бұл жағдайда мерзімінен бұрын төленетін бөліктің мөлшері мерзімінен бұрын төлемнің әрбір жылы үшін сегіз пайызға дисконтталуы (азайтылуы) тиіс.

87. Өлім орын алған кездегі сақтандыру төлемі, Сақтандырушы осы Ереженің 22-тарауында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

88. Егер сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) немесе сақтандыру сомасын дұрыс есептемеуге әкеп соққан, Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы дұрыс емес көрсетілген болса, онда сақтандыру төлемі нақты туған күннің және/немесе нақты жынысының және көрсетілген туған күннің және/немесе көрсетілген жыныстың қатынасына байланысты түзетілуі тиіс.

22-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері, сақтандыру төлемін жасау талаптары мен тәртібі

89. Сақтанушы (Пайда алушы) өлім орын алғаны жөнінде оған белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда күнгізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей, Сақтанушыға жазатайым оқиғаның орын алғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Пайда алушы) орынды себептермен Сақтандырушыны жоғарыда аталған мерзімнің ішінде хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, онда ол хабардың уақтылы берілмеу себептері туралы түсінік хат беруі және мұны құжаттармен растауы тиіс.

90. Сақтандырылушының өлімі сақтандыру мерзімінің ішінде орын алған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің түпнұсқасы (телнұсқасы);
- 2) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) қайтыс болу туралы анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) қайтыс болу туралы медициналық куәліктің (бар болса) көшірмесі;
- 5) қайтыс болу себептері мен мән-жайлары туралы сот-медициналық сараптамасының немесе патологоанатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қолымен расталған көшірмесі (егер сараптама немесе зерттеу жүргізу ҚР нормативтік құқықтық актілерінде көзделсе);

б) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен расталған, Сақтандырылушының медициналық картасынан (ауру тарихынан) үзінді көшірме, егер Сақтандырылушының өлімі стационарда орын алған болса;

7) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, оның ішінде жеке сәйкестендіруші нөмір (ЖСН, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаған жағдайда);

8) Пайда алушының сақтандыру төлемін алуға құқығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін (сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Пайда алушыны анықтамаса) ұсынады.

9) Пайда алушының банктік деректемелері: алушы банктің атауы, БСН, БСК, банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот.

91. Құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым жағдай) фактісі бойынша қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қарастырған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өміріне және денсаулығына зиян келуін тіркеу фактісі жөнінде анықтаманы, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда - қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

92. Сақтандырушы осы Тараудың 91, 92-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті. Сақтандырылушының қайтыс болу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот органдары тиісті шешіс қабылдағанға және олар заңды күшіне енгенге дейін сақтандыру төлемінің мерзімін кейінге қалдыруға құқылы.

93. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, төлем сақтандыру мерзімі өткеннен кейін ғана жүргізіледі, бұл ретте Сақтанушы (егер ол бір мезгілде Сақтандырылған болып табылмаса) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) кейіннен төлеуден босатылады.

94. Сақтандырылушы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің соңына дейін толық өмір сүрген кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішке Сақтандыру полисінің түпнұсқасын (телнұсқасын), Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттарды, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН, ол жеке басын куәландыратын құжатта болмаған кезде), Сақтанушының банктік деректемелерін (алушы банкінің атауы, БСН, БСК, Банктің ЖСК, ағымдағы немесе карт-шоты) ұсынуға міндетті.

95. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса, сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару жөніндегі шығыстар Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

96. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемін жүзеге асыру күнгі Сақтанушының кез келген берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

97. Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған кезде, егер Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған құжаттар оқиғаның фактісін, оның басталу себептерін растауға мүмкіндік берсе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

98. Егер Пайда алушы он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмаған болса, онда Сақтандырушыға берілетін растайтын құжаттардың негізінде Пайда алушының заңды өкілі сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер Пайда алушы он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында регламенттелген тәртіппен белгіленеді.

23-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуден босату негіздемелері

99. Мыналар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуды жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме бола алады:

1) Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылушының денсаулығының жағдайы, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы

біле отырып жалған мәліметтер, сонымен қатар осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушыға берілуі тиіс басқа да мәліметтерді беруі;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеуге кедергі келтіруі;

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушыға хабарламау.

100. Сақтандырушы Сақтандыру ережесінің 100-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, Сақтандырушының осы Сақтандыру шартын жасау және орындаумен байланысты Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15% мөлшерінде қосымша шығындарын шегере отырып, Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Сақтанушының мұрагерлері) Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасын алуға құқылы.

24-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі

101. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі өтінішін беру арқылы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

102. Сақтанушы шарт жасалған күннен бастап бірі мен он үші аралығындағы кезеңде сақтандыру шартын бір жақты тәртіпте бұзған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы шарт жасалған күннен бастап он төртті мен отызыншы күн аралығындағы кезеңде бір жақты тәртіпте сақтандыру шартын бұзса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтанушыға келтірген, алынған сақтандыру сомасының жиырма пайызынан аспайтын шығындарын шегеріп, сақтандыру сыйлықақысын қайтаруға міндетті. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың өзге жағдайларында, Сақтанушының сақтандыру шартына сәйкес төлеген сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

103. Сақтанушы осы Тараудың 103-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, осы Сақтандыру ережесінің 19-бөлімінде көзделген салдары орын алады.

104. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар, Сақтанушының Сақтандырушыға ұсынатын сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар туралы өтінішінің негізінде енгізіледі.

105. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар, барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақылары) өтініш беру күніне толығымен төленіп, сондай-ақ Сақтандырушының осындай өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізуге келіскен жағдайда енгізіледі және (немесе) күшіне енген болып саналады:

1) Жаңғыртылған полиске қол қойылған күннен бастап, Полисте нақты көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты;

2) Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, ал күні көрсетілмеген болса – Сақтандырушының шығыс құжатты тіркеген күнінен бастап сақтандыру жөніндегі өтініште нақты көрсетілген мәліметтерге қатысты.

106. Жаңғыртылған полис бұрын шығарылған полиске немесе бұрын шығарылған полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңғыртылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және оған тараптардың қолдары қойылғаннан кейін бұрын шығарылған полис (ол жоғалған жағдайда – телнұсқасы) күшін жояды.

107. Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар мен/немесе өзгертулер енгізуге құқылы, егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартына қатысты қолданыстағы заң актілері өзгерген немесе жаңадан қабылданған болса.

108. Сақтандырушы сақтандыру шартына біржақты тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізуге құқылы.

109. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартының барлық өзгерістері туралы, егер жазбаша хабарламада басқа күн белгіленбеген болса, осы сияқты өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын хабарлайды. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушыға жазбаша үлгіде хабарлай отырып, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгерістер туралы хабарламаны жөнелткеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы хабарламаса, Сақтанушы өзгерістермен келіскен болып саналады.

110. Егер Сақтанушы осы Сақтандыру ережесінің 109-тармағында аталған жағдайларға (талаптарды біржақты өзгерту) байланысты сақтандыру шартын бұзған жағдайда, Сақтандыру ережесінің 19-тарауында бекітілген салдар орын алады.

4-бөлім. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру

25-тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері

111. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты осы Сақтандыру ережесінің талаптары, сақтандыру шарты Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруды, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлегені Полисте тікелей көзделсе ғана қолданылады.

112. Осы Сақтандыру ережесінің 26-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыру шарттары бойынша көзделген сақтандыру төлеміне қосымша, Сақтандырушы осы бөлімде көрсетілген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

26-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

113. Сақтандыру қорғауының мерзімінде орын алған, жазатайым оқиға орын алған сәттен бастап алты ай ішінде орын алған, Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

27-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

114. Осы Ереженің 23-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа, егер Сақтандырылушының қайтыс болуы төмендегі жағдайлар нәтижесінде тікелей немесе жанама орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымдану әсерлері;
- 2) әскери қимылдар, әскери құрылымдарда қызмет ету;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер;
- 4) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
- 6) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;
- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы,

Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан не онымен себептік-салдарлық байланыста болған есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;

8) алкоголизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;

9) Сақтандырылушының осы сақтандыру ережесімен көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

10) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыруға арналған өтініште көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен айналысуы;

11) бактериалды инфекциялар, кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда пайда болатын инфекцияны қоспағанда;

12) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, кез келген ауру;

13) апоплексия соғуы;

14) медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция, Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті ем немесе операцияны қоспағанда.

28-тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасаудың ерекшеліктері

115. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, Сақтанушының осы Сақтандыру ережесіне қосылуы арқылы жасалады. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасу Сақтанушыға Полисті берумен құжаттай расталады.

116. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау үшін, оны жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), осы Сақтандыру ережесінің ажырамас бөлігі болып табылатын, Сақтандырушымен бекітіліген нысан бойынша өмірді сақтандыруға өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасауға келіскен жағдайда, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесімен анықталған тәртіпте, онда тиісті мәліметтерді көрсете отырып Сақтаушыға Полисті береді .

117. Сақтандыру шартына Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптарды енгізу үшін Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін бұл туралы Сақтандырушыға сақтандыру жөніндегі жеке (қосымша) өтініште көрсетуге міндетті. Сақтандырушы Сақтандыру шартына Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты қосымша талаптарды енгізу енгізуге келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтерді көрсете отырып, бұрын берілгеннің орнына Жаңартылған полис береді.

118. Кез келген жағдайда Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты талаптар, баланың пайдасына өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және аталған соңғы талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілуі мүмкін емес.

29-тарау. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, тоқтату талаптары және қолданысын қалпына келтіру

119. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты Полиске қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, егер бұл уақытқа сақтандыру сыйлықақысы немесе тиісті сақтандыру жарнасы толығымен төленген болса.

120. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және

мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда, Полисте көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

121. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы:

- 1) Сақтандыру шартының қолданысы аяқталған немесе тоқтатылған сәтте;
- 2) осы Сақтандыру ережесінің 17-тарауы 61-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген;
- 3) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандырудың қосымша талабын алып тастау туралы өтініш берген сәттен бастап тоқтатылады.

122. Егер сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) төленбеуі негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарналарын және сақтандыру жарналарын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды осы Сақтандыру ережесінің 18-тарауы 65-тармақ 2) тармақшасында көрсетілген мөлшерде төлеген жағдайда, Сақтандырушының жазбаша келісімімен оның қолданылуын қалпына келтіруге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы, Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының жай-күйіне медициналық сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

123. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған кезде мұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

30-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

124. Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

125. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтандыру төлемінің мөлшері нөлге тең.

126. Сақтандырылушының өлімі осы Сақтандыру ережесінің 28-тарауында көрсетілген талаптарды ескеріп, жазатайым оқиға себебі бойынша орын алған болса, сақтандыру төлемі өмірді сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша ретінде жүргізіледі.

127. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

31-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталғанда Сақтанушының (Пайда алушының) іс-әрекеттері және тараптардың өзара қатынастарына қатысты өзге де ережелер

128. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін, дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей, оның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептер бойынша Сақтандырушыны жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс.

129. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

1) Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру шартымен көзделген құжаттар (осы Сақтандыру ережесінің 22-бөлімі);

2) Сақтандыру жағдайының белгілері бар (өрт қызметі, полиция) оқиғалардың орын алғанын растайтын, тиісті құзыретті органдардың құжаттары;

3) Сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайларына, оның себептеріне қатысты құжаттар (түпнұсқалар немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері);

4) Сақтандыру жағдайына қатысы Сақтандырушы сұрататын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құжаттар.

130. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

131. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасымен өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша, осы Тараудың 130, 131-тармағында аталған құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеп-тексеруге көмек көрсетуі тиіс.

132. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары мен себептерін тексеруге құқылы.

133. Сақтандырушы осы Тараудың 130, 131-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, Сақтандырылушының өліміне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.

134. Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға құқылы, егер Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған құжаттар оқиға фактісін, оның орын алу себептерін растауға мүмкіндік беретін болса.

5-бөлім. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру

32-тарау. Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандырудың негізгі ережелері

135. Сақтандыру шарты Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруды қамтуы, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеуі Полисте тікелей көзделген жағдайда ғана осы Сақтандыру ережесінің Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты талаптары қолданылады.

136. Осы Сақтандыру ережесінің 33-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы, сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуге құқылы.

137. Бұл ретте Сақтанушы қосымша өтелімдерге ие болса, аталған қосымша өтелімдер өз қолданылуын мүгедектік кезеңінде автоматты түре тоқтатады.

138. Сондай-ақ мүгедектік кезеңінде Сақтанушы сақтандыру шартына сақтандыру өтелімдерін қосу/алып тастауға қатысты қандай да бір өзгерістерді қоса алмайды.

33-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

139. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатуымен, мүгедектік белгілеу жағдайында сақтандыру шартының талаптары бойынша:

1) жазатайым оқиға салдарынан – сақтандыру шартының үзіліссіз қолданылудың алғашқы екі жыл ішінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектік белгіленуі;

2) сақтандырудың үшінші жылынан бастап, кез келген себеп бойынша Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектігінің белгіленуі сақтандыру жағдайы болып табылады.

140. Сақтандырылушының мүгедектік тобын, себептерін, мерзімін және оның басталу уақытын анықтау, Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға еңбек ету қабілетінен айырылу (мүгедектік) дәрежесін анықтауға уәкілетті мемлекеттік органмен жүзеге асырылады (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган).

141. Сақтанушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру шартының ережелеріне сәйкес, Сақтандырылушының мүгедектігі анықталғаннан бастап оңалу (аяқталуы) мерзіміне дейін сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуден босатылады. Бұл ретте, Сақтандырушы өмірді аралас сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелері үшін жауапты болады.

142. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бүкіл мерзім үшін бір жолғы төлеген болса, онда Сақтандырушы ұсынылған растайтын құжаттарға сәйкес, Сақтандырылушының мүгедектігі мерзімі үшін Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының бөлігін қайтарады.

34-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

143. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектігін белгілеу сақтандыру жағдайы болып табылмайды, егер ол мына жағдайлармен жанама немесе тікелей байланысты болса:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік зақымдану әсерлері;
- 2) әскери қимылдар, әскери құрылымдарда қызмет ету;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер;
- 4) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
- 5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;
- 6) лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларды тасымалдайтын әуе көлігінен басқа, кез-келген түрдегі ұшатын аппараттарда Сақтандырылушының ұшуы;
- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан не онымен себептік-салдарлық байланыста болған есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;
- 8) алкоголизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;
- 9) Сақтандырылушының осы сақтандыру ережесімен көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;
- 10) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыруға арналған өтініште көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен айналысуы;
- 11) бактериалды инфекциялар, кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда пайда болатын инфекцияны қоспағанда;
- 12) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, кез келген ауру;
- 13) апоплексия соғуы;
- 14) медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция, Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті ем немесе операцияны қоспағанда.

144. Сақтандыру шартының осы Тарауында көрсетілген талаптар бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеуден босатылуға құқылы емес:

1) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылушының денсаулық жағдайы, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын тергеуге кедергі жасауы;

3) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушыға хабарламауы.

145. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектігін анықтау сақтандыру жағдайы болып табылмайды, егер аталған мүгедектік жазатайым оқиға орын алғаннан кейін 6 ай өткен соң анықталса.

35-тарау. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасау ерекшеліктері

146. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, Сақтанушының Сақтандырушы әзірлеген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережесіне) бір жақты тәртіппен (қосылу шарты) қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.

147. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасу үшін, оны жасасуға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы), Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтандырушының атына сақтандыруға өтініште бұл туралы көрсетуге міндетті. Сақтандырушы Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасуға келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға осы Сақтандыру ережелерінде анықталған тәртіппен тиісті мәліметтерді көрсете отырып, Полис береді.

148. Сақтандыру шартына Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты талаптарды енгізу үшін, Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша сақтандыруға жеке (қосымша) өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартына Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты талаптарды енгізуге келіскен жағдайда, Сақтандырушы онда тиісті мәліметтерді көрсете отырып, Сақтанушыға бұрын берілген полистің орнына жаңасын береді.

149. Кез келген жағдайда, Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босата отырып, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты талаптар, өмірді аралас сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілмейді.

150. Сақтандыру ережесінің 33-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандыру полисіне сақтандыру өтемдерін енгізу/алып тастауға қатысты қандай да бір өзгерістер енгізілмейді.

36-тарау. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеп соққан әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары

151. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты Сақтандыру полисінде айқындалған күннен бастап күшіне енеді, бірақ осы өтеу бойынша сақтандыру сыйлықақысы/сақтандыру жарнасы төленген күннен кейінгі күннен бұрын емес.

152. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру қорғанысы, сақтандыру шарты Сақтандыру ережесінің 152-тармағында көрсетілген сәттен бастап күшіне енеді.

153. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде толық көлемде төлеген жағдайда, полисте көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.

154. Сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен, мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы:

1) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген зейнеткерлік жасына жеткен;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған немесе тоқтатылған;

3) осы Сақтандыру ережесінің 17-тарау 61-тармақ 2) тармақшасында көрсетілген;

4) Сақтанушы Сақтандырушыға қосымша сақтандыру шартын алып тастау туралы өтініш берген;

5) өмірді аралас сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша орын алған алғашқы сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен;

6) жазатайым оқиға нәтижесінде – Сақтандыру шартының үздіксіз қолданысының алғашқы екі жылы ішінде бірінші немесе екінші топ мүгедектігі анықталған сәттен, кез келген себеп бойынша – Сақтандыру шартының қолданысының үшінші жылынан бастап тоқтатылады.

155. Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтанушы, мерзімі өткен сақтандыру жарналарын төлеген жағдайда Сақтандырушының жазбаша келісімімен оның қолданылуын қалпына келтіруге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының жағдайын медициналық сараптамадан өткізуді талап етуге құқылы.

156. Сақтандырылушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босатумен, оған мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған кезде, мұндай сақтандыру бойынша сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

37-тарау. Сақтандыру оқиғасы басталған кезде тараптардың өзара қатынастарына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер

157. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайы орын алғаны жайлы білгеннен кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда, күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей, Сақтандырушыға оның орын алуы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Сақтанушының (Пайда алушы) дәлелді себептер бойынша жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлау мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме ұсынуы, бар болса құжатпен растауы тиіс.

158. Сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды беруге міндетті:

1) Полистің көшірмесі;

2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын, оның себептерін, шығын мөлшерін растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттары (өрт қызметі, құқық қорғау органдары);

3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен расталған Сақтандырылушының медициналық картасынан (ауру тарихынан) үзіндінің көшірмесі;

4) Сақтандырылушының мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның нотариалды куәландырылған анықтамасы;

5) берген мекеменің мөрімен расталған амбулаториялық картаның көшірмесі;

6) Сақтандырылушы өз қызметтік міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғасы басталған жағдайда – жұмыс орнындағы жазатайым оқиғасы туралы акт немесе сондай актінің нотариатты расталған көшірмесі.

159. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

160. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасымен өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша, осы Тараудың 159, 160-тармақтарында аталған құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеп-тексеруге көмек көрсетуі тиіс.

161. Сақтандырылушы дәрігерлерді, күтуші тұлғаларды, медициналық мекемелерді және уәкілетті мемлекеттік органдарды Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы туралы анықтамаларды беруге міндеттеуге тиіс.

162. Сақтандырылушы мүгедектікті емдеуге және оңалтуға ықпал ету мақсатында тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын ұстануға міндетті.

163. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын, Сақтандырушы осы Тараудың 159, 160-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алғанға дейін жалғастыруға міндетті.

164. Сақтандырушы осы Тарауда аталған құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күнінің ішінде, Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлемеу құқығын мойындауға немесе мұндай құқықты танудан дәлелді бас тартуды жазбаша түрде беруге міндетті.

165. Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлемеу құқығын танығаннан кейін, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға басталғаннан кейінгі кезең үшін төленген сақтандыру жарналарын қайтаруға міндетті.

38-тарау. Зейнеткерлік жасының басталуы және Сақтандырылушының мүгедектіктен оңалуы

166. Сақтандырылушы зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін оған бірінші немесе екінші топ мүгедектіктігі белгіленсе, Сақтанушы, сақтандырылушының жасы зейнеткерлік жасынан асатын кезеңді қоспағанда, мүгедектіктің барлық кезеңіне келетін сақтандыру жарналарын төлемеуге құқылы.

167. Егер Сақтандырылушының мүгедектік мерзімі ол зейнеткерлік жасқа жеткен сәтке дейін жалғасса, онда Сақтандырушы Сақтанушының таңдауы бойынша, сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асыруға, сақтандыру сомасы азайтылған Сақтандыру полисінің қолданылуын жалғастыруға (осы Сақтандыру ережесінің 17-тарауы 61-тармағының 2) тармақшасы) немесе төлем кестесіне сәйкес тиісті сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыра отырып, толық сақтандыру сомасымен Сақтандыру полисінің қолданылуын жалғастыруға құқылы.

168. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі тоқтатылған (мүгедектікті оңалту) сәттен бастап қайта бастауға міндетті.

6-бөлім. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру

39-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандырудың негізгі ережелері

169. Сақтандырылушының дене жарақатын алуға әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты, осы Сақтандыру ережесінің талаптары, егер Полисте сақтандыру шарты Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлегенін тікелей көзделсе ғана қолданылады.

170. Осы Сақтандыру ережесінің 40-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы), Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру талаптарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алуға құқығы бар. Сақтандыру төлемінің мөлшері «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес анықталады.

171. Осы Сақтандыру ережесінің 41-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылады.

40-тарау. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру тәуекелі

172. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушыға сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде келтірілген дене жарақаты, Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

41-тарау. Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар және сақтандыру шектеулері

173. Егер дене жарақаты сақтандыру қорғауының әрекет ету кезеңінде тікелей немесе жанама болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар, Сақтандырылушының әскери құрылымдарда қызмет етуі;
- 3) азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер;
- 4) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана іс-әрекеттері;
- 5) белгіленген заңнама актілермен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық тәртібінде танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының іс-әрекеттері;
- б) лицензияланған авиакомпанияның әуе жолаушылар кемесінен басқа, Сақтандырылушының кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілерді пайдалану жағдайларын қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және одан жоғары алкогольдік масаң күйде болуы, сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан немесе онымен себептік-салдарлық байланыста болған Сақтандырылушының есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы;
- 8) алкоголизм, алкогольді тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар, дамуы алкогольді жүйелі пайдаланумен байланысты аурулар;

9) Сақтандырылушының осы Сақтандыру ережесінде көзделген қауіпті (төтенше) іс-әрекеттерді жасауы;

10) кәсіби спорт түрімен айналысуы, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде осы ақпаратты мәлімдемесе және осы ақпарат сақтандыруға арналған өтініште көрсетілмеген болса;

11) кесу немесе жарақаттану кезінде туындаған инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

12) жазатайым оқиға салдарынан туындаған ауруларды қоспағанда, кез келген ауру;

13) апоплексия соғуы;

14) медициналық немесе хирургиялық емдеу немесе операция, Сақтандырылушының жазатайым оқиға салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін тікелей қажетті ем немесе операцияны қоспағанда.

174. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауы осы Ережемен Сақтандырушыға берілуге тиіс;

2) Сақтанушының Сақтандапырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге кедергі келтіруі;

3) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 835-бабында белгіленген шарттарда, осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламау.

175. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» немесе Сақтандыру шартында айтылмаған дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

42-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасаудың ерекшеліктері

176. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты Сақтандыру шарты, Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы арқылы жасалады. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты Сақтандыру шартын жасау Сақтанушыға Полистің берілуімен құжатпен расталады.

177. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасу үшін, оны жасауды өтінген тұлға (Сақтанушы), Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға арналған өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын жасасуға келіскен жағдайда, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінде айқындалған тәртіпте тиісті мәліметтерді көрсете отырып, Сақтанушыға Полис береді.

178. Сақтандыру шартына Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты талаптарды енгізу үшін, Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтандыруға арналған жеке (қосымша) өтініште бұл туралы Сақтандырушыға көрсетуге міндетті. Сақтандырушы Сақтандыру шартына Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты талаптарды енгізуге келіскен жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтерді көрсете отырып, бұрын берілген Полистің орнына жаңартылған Полис береді.

179. Кез келген жағдайда Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты талаптар, баланың пайдасына өмірді аралас

(жинақтап) сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және соңғы көрсетілген талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілуі мүмкін емес.

43-тарау. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты жасалған сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату және қалпына келтіру талаптары

180. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты, егер осы уақытқа дейін сақтандыру сыйлықақысы немесе тиісті сақтандыру жарнасы толық төленген болса, Сақтандырушы Полиске қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

181. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайда, Полисте көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

182. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы:

- 1) сақтандыру шартының қолданылуы аяқталған немесе тоқтатылған;
- 2) осы Сақтандыру ережесінің 17-тарау 61-тармақ 2) тармақшасында көрсетілген;
- 3) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген зейнетақы жасына жеткен;
- 4) Сақтанушы сақтандыру шартының қосымша талаптарын алып тастау туралы өтінішті Сақтандырушыға берген сәттен бастап тоқтатылады.

183. Егер сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеу негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтанушы, осы сақтандыру Ережесінің 18-тарауы 65-тармақ 2) тармақшасында көрсетілген мөлшерде мерзімі өткен сақтандыру жарналарын төлеген жағдайда, Сақтандырушының жазбаша келісімімен оның қолданылуын қалпына келтіруге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының жағдайына медициналық сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

184. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының әрекет етуі тоқтатылған кезде, мұндай сақтандыру бойынша сатып алу сомасын төлеу жүргізілмейді.

44-тарау. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері

185. С Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартымен белгіленеді және Полисте бөлек көрсетіледі.

186. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың белгілі бір жылы ішінде (бірінші, келесі) Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша бұрын жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемдерінің) сомасына автоматты түрде азайтылуға жатады. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда, келесі жылдың басталған күні толық көлемде қалпына келтірілуіне тиіс.

187. Сақтандырылушының дене жарақатын алуына әкеп соққан жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» сәйкес, Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан (сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде басталған біріншісі бойынша) немесе осы тараудың 187-тармағының талаптарына сәйкес азайтылған сақтандыру сомасынан (кейінгі сақтандыру жағдайлары бойынша) пайыздармен айқындайды.

188. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде айтылған бірнеше дене жарақаттары болған

жағдайда, сақтандыру төлемі, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақат көзделетін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

189. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» әртүрлі бөлімінде айтылған бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

190. «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі, дене жарақаттарының санына қарамастан, осы тармаққа сәйкес бір рет анықталған мөлшерде жүргізіледі.

191. Сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ-қол үшін дене жарақатының жағдайына белгіленген (егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» басқаша айтылмаса), екі аяқ-қолдың ұқсас дене жарақаттары кезінде сақтандыру төлемінің мөлшері екі есе артады.

192. Кез келген жағдайда барлық сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

45-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі тараптардың өзара қарым-қатынасына қатысты Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеттері және өзге ережелер

193. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей оның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушы) дәлелді себептер бойынша Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс.

194. Сақтандыру жағдайының басталғанын дәлелдеу үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға мынадай құжаттарды беруге міндетті:

1) Полистің көшірмесі (қажет болған кезде);

2) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттар соның ішінде жеке сәйкестендіруші нөмір (ЖСН, Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатта болмаған кезде);

3) Пайда алушының банктік деректемелері: банктің атауы, БСН, БСК, ЖСК, жинақ, ағымдағы немесе карт-шот;

4) тиісті құзыретті органдардан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғанын, оның себептерін, шығын мөлшерін растайтын құжаттар (өрт қызметі, құқық қорғау органдары);

5) берген мекеменің мөрімен расталған амбулаториялық картаның көшірмесі;

6) травматологиялық пункттен анықтама немесе медициналық мекеменің мөрімен расталған оның көшірмесі, медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен расталған медициналық картадан (ауру тарихынан) үзінді көшірме;

7) рентген-сурет танысып шығу үшін (стационар аурудың ауру тарихынан үзінді ұсынылмаған болса);

8) рентгенологтың рентген-суретін сипаттауы;

9) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы орын алған кезде: өндірістегі еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға туралы акт немесе осындай актінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

10) Сақтандырушының сақтандыру жағдайына қатысты сұрататын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құжаттар.

195. Құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған оқиға (жазатайым оқиға) фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді тіркеу фактісі бойынша құқық қорғау органдарынан анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеп - тексерудің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) тіркелген жағдайда-қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы.

196. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе өзге тұлға Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша Сақтандырушыға осы Тараудың 195, 196-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруде көмек көрсетуге міндетті.

197. Сақтандырушы осы Тараудың 195, 196-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды бастауға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті.

198. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса, сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару бойынша шығыстар Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

199. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

200. Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы, немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

7-бөлім. Қорытынды ережелер

46-тарау. Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің өзгеруі

201. Сақтандырушы Сақтанушыға хабарламаны оның сақтандыруға арналған өтініште көрсеткен орналасқан жері немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша жібереді.

202. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде Сақтанушы он күн мерзімде Сақтандырушыға мекен-жайын хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан жері немесе тұрғылықты мекен-жайы бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болады.

203. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға хат-хабарларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

47-тарау. Қосымша талаптар

204. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер, оның жөнелтілуін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жазбаша нысанда орындалуы тиіс.

205. Тараптар сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

206. Сақтандыру шартымен реттелмеген тараптардың арасындағы қатынастар осы Сақтандыру ережесіне сәйкес регламенттеледі.

207. Полис жоғалған кезде Сақтанушы Сақтандырушыны хабардар етуге және Полистің телнұсқасын алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған Полис жарамсыз болады.

208. Сақтандыру шартын жасасқан Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай даулар келіссөздер жолымен шешілмейтін болса, олар жауапкердің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешілуге жатады.

209. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Сақтандыру ережесінің жекеленген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгерістерсіз автоматты түрде күшін жояды. Егер осы Сақтандыру ережесінің ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл басқа ережелерді қозғамайды. Жарамсыз жағдай заңды рұқсат етілген және тиісті қатынасты реттейтін жағдаймен ауыстырылады.

210. Осы Сақтандыру ережелері қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Сақтандыру ережесінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.